

«Сейфуллин оқулары – 18: « Жастар және ғылым – болашаққа көзқарас» халықаралық ғылыми -практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18: « Молодежь и наука – взгляд в будущее» - 2022.- Т.1, Ч.II. - С. 145-147

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДАЛАЛЫ АЙМАҒЫНДА БІРЖЫЛДЫҚ МАЛ АЗЫҚТЫҚ ДАҚЫЛ ҚОСПАЛАРЫНЫҢ ӨНІМІН САЛЫСТЫРМАЛЫ БАҒАЛАУ

*Курбанбаев А.И.,
«А.И.Бараев атындағы астық шаруашылығы
ғылыми-өндірістік орталығы» ЖШС, Ақмола облысы, Шортанды
ауданы*

Кіріспе.

Мал азығының сапасын арттыру мақсатында мал азықтық дақылдарды қоспа түрінде себу туралы ой XX ғасырдың 60-жылдарда пайда болып, 70-80-ші жылдарда кеңінен тарады. Сол кездері пайда болған және ең танымал мал азықтық дақылдардың қоспасы – сиыржоңышқа+сұлы қоспасы болды [1]. Бүгінгі таңда шет елдерде және елімізде шөп қоспалары негізінен екі-үш түрлі құрамдас бөлікті болып келеді, яғни мал азығы рационндағы ақуыздың жетіспеушілігін жоюдың мақсатында құрамында ақуыз мөлшері көп дәнді-бұршақ дақылдарын, майлы дақылдарды астық тұқымдас жем-азықтық дақылдармен және біржылдық мал азықтық шөптермен қосып себу кең таралған. Біржылдық мал азықтық астық тұқымдас дақылдарды дәнді-бұршақ дақылдарымен, майлы дақылдармен қосып себу, таза күйінде себілген егістікке қарағанда, аймақтың топырақ-климат жағдайларына байланысты гектарынан 3-7 центнерден 50-80 центнерге дейін қосымша жоғары сапалы көк балауса және пішен өнім алуға мүмкіндік береді [2-6].

Елімізде дәстүрлі емес аз таралған біржылдық мал азықтық дақылдарды құрамында ақуыз мөлшері көп дәнді-бұршақ және майлы дақылдармен қоспа түрінде себу әлі кең таралмаған. Сондықтан 2017-2019 жылдары Солтүстік Қазақстанның құрғақ далалы аймағы жағдайында, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, «Егіншілік және өсімдік шаруашылығы» кафедрасының стационарында жоғары өнімді жаңа дақылдар пайза мен африкалық тарының дәнді-бұршақ және майлы дақылдармен қоспаларының өнімін және оның сапасын анықтау мақсатында танаптық зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Танаптық зерттеу жұмыстары В.Д Доспеховтың далалық тәжірибе әдістемесі (1985) және ауыл шаруашылығы дақылдарын мемлекеттік сортсынау әдістемелері бойынша жүргізілді (2011).

Зерттеу объектісі ретінде 3 шөп қоспасы таңдалып алынды және әр бір қоспа 5 құрамдас бөліктен құралды: 1-ші шөп қоспасы (бақылау) егістікте кең таралған келесідей біржылдық дақылдардан және олардың сорттарынан құралды: арпа, сорт Сымбат, асбұршақ, сорт Омский неосипающийся, судан шөбі, сорт Тугай, шәй жүгері-судан шөбі буданы, будан Солярис, рапс, сорт Юбилейный; 2-ші шөп қоспасындағы алғашқы 4 құрамдас бөлік бақылау нұсқасымен бірдей болды, тек бесінші дақыл дәстүрлі емес аз тараған біржылдық мал азықтық дақыл Пайзадан, сорт Красава тұрды; 3-ші шөп қоспасының да алғашқы 4 құрамдас бөлігі бақылау нұсқасымен бірдей болды, ал бесінші дақыл дәстүрлі емес аз тараған біржылдық мал азықтық дақыл Африкалық тарыдан, сорт Согур құралды.

Тәжірибе сызбанұсқасы

Нұсқа (шөп қоспасы)	Шөп қоспасының құрамы
Шөп қоспасы №1 (бақылау)	арпа+асбұршақ+судан шөбі+шәй жүгері-судан шөбі буданы+рапс
Шөп қоспасы №2	арпа+асбұршақ+судан шөбі+шәй жүгері-судан шөбі буданы+пайза
Шөп қоспасы №3	арпа+асбұршақ+судан шөбі+шәй жүгері-судан шөбі буданы+африкалық тары

Аталған шөп қоспалары егістікте кең таралған біржылдық дақылдар үшін оңтайлы болып табылатын себу мерзімінде - мамыр айының екінші онкүндігінде, әр дақыл үшін ұсынылған тұқым себу мөлшерлерімен, қатардағы әдіспен ASTRA NOVA – 5,4 тұқым сепкішінің көмегімен жүргізілді.

Танаптық зерттеу жұмысындағы тұқым себілетін және фенологиялық бақылау жүргізілетін әр мөлдектің ауданы 100 м². Танаптық тәжірибелер үш нұсқадан, 4 қайталымнан тұрды және тәжірибедегі мөлдектер жүйелі әдіспен орналасты.

Танаптық тәжірибе жүргізілген танаптың топырағы – механикалық құрамы бойынша ауыр құмбалшықты, кара-қоңыр топырақ. Топырақтың құнарлылығы өте төмен, себебі топырақтың жыртылатын 0-20 см қабатындағы қарашірінді мөлшері (1,9%) қалыпты мөлшерден аз болды. Сондай-ақ, гидролизденетін азоттың мөлшері (3,9 мг/кг) өте төмен, жылжымалы фосфордың мөлшері (13,6 мг/кг) төмен, ал алмаспалы калийдің мөлшері (563,0 мг/кг) керісінше, қалыпты мөлшерден өте жоғары болды. Топырақтың орта реакциясы бейтарап болды – рН – 6,6.

2017 және 2019 жылдары өсімдіктердің вегетациялық кезеңінде климаттық жағдай өте құрғақшылықты (ГТК=0,32-0,43) болғанымен, 2018 жыл шамалы құрғақшылықты (ГТК =1,01) болды. Сондықтан, зерттеу жүргізілген жылдары біржылдық дақыл қоспаларының өнім қалыптастыруының шектеуші факторы топырақ ылғалы болып табылды.

Зерттеу жүргізілген жылдары біржылдық шөп қоспаларының көк балауса өнімі шөп қоспасы түрлеріне байланысты гектарына 137,6 центнерден 217,7 центнерге дейін өзгерсе, пішен өнімі 36,1 центнерден 57,0 центнерге дейін өзгерді (кесте 1).

Кесте 1 - Зерттеу жүргізілген жылдардағы дақыл қоспаларының қалыптастырған көк балауса және пішен өнімі, ц/га (2017-2019 жж.)

Шөп қоспалар	Өнім, ц/га					
	көк балауса			пішен		
	2017	2018	2019	2017	2018	2019
№1 шөп қоспасы (бақылау)	122,3	155,7	134,9	32,0	40,8	35,3
№2 шөп қоспасы	160,0	238,1	212,3	40,3	60,0	53,5
+, - бақылаудан ауытқу	+37,7	+82,4	+77,4	+8,3	+19,2	+18,2
№3 шөп қоспасы	166,4	250,4	236,4	43,6	65,6	61,9
+, - бақылаудан ауытқу	+44,1	+94,7	+101,5	+11,6	+24,8	+26,6
ЕТМА 0,5	2,8	3,0	2,3	2,3	2,5	2,7

Зерттеу жүргізілген жылдары ең жоғарғы көк балауса және пішен өнімін 3-ші шөп қоспасы (арпа+асбұршақ+судан шөбі+шәй жүгері-судан шөбі буданы+африкалық тары) қалыптастырды, тиісінше 217,7 және 57,0 ц/га. Сонымен қатар, 3-ші шөп қоспасының қалыптастырған көк балауса өнімі бақылау нұсқасымен салыстырғанда 58,2%-ға, пішен өнімі 57,9%-ға жоғары болды.

Жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде біржылдық мал азықтық шөп қоспаларының ішінде африкалық тары дақылымен ерекшеленетін шөп қоспасы жоғары көк балауса және пішен өнімін қалыптастырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Карпей О.Н. Технология смешанного посева. //Журнал «Наше сельское хозяйство» –2015.– №12, 23-28с.
- 2 Мелниченко Ы. М., Перегудов В. И., Сысоикин А. А. //Журнал Кормопроизводства, №. 6, –2003.– с.22
- 3 Нургалиев К.С., Атакулов Т.А., Садвакасов С.С. Урожайность и питательность пастбищной массы бобово-злаковых травосмесей в предгорно-степной зоне юго-востока Казахстана // Изденістер, нәтижелер. –2014.–№2, с.162-166
- 4 Геличко О.Н., Шарова О.В. Использование гороха полевого (pisum sativum l.) в смешанных посевах // [Дальневосточный аграрный вестник](#). –2015.– [№ 4 \(36\)](#). С. 27-31.

5 Теличко О.Н., Емельянов А.Н. Продуктивность и питательность травосмесей в зависимости от видового состава в условиях приморского края // Вестник Алтайского государственного аграрного университета. —2014.— № 1 (111), с. 9-14.

6 Кашеваров Н.И., Полищук А.А., Кашеварова Н.Н., Хазов М.В. Продуктивность поливидовых посевов проса африканского с бобами кормовыми и горохом // Сибирский вестник сельскохозяйственной науки. —2013.— [№ 2 \(231\)](#). С. 42-47.